

Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжі

ХАТТАМА

29.11.2019 ж. № 3

Кураторлар кеңесінің отырысы

Төрағасы: Б.Е.Габдешев

Хатшысы: Л.М. Саханова

Қатысқандар: директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, ӘЦК жетекшілері, топ жетекшілер, жастар ісі комитетінің жетекшісі - 41 адам

КҮН ТӘРТІБІ

1. Шылымқорлықтан бас тартудың халықаралық АҚТҚ/ЖҚТБ –ның алдын алу және онымен күрес айлығының есебін тыңдау

Баяндамашы: №5 ӘЦК төрайымы – С.Д.Джидебаева

(15 минут)

2. Ағымдағы мәселелер

**ТЫҢДАЛДЫ:**

1.Шылымқорлықтан бас тартудың халықаралық АҚТҚ/ЖҚТБ –ның алдын алу және онымен күрес айлығының есебін тыңдау - №5 ӘЦК оқытушысы – С.Д.Джидебаева, Г.Ж.Сагатова.

С.Д.Джидебаева: ӘЦК мүшелерімен, жоспарымен таныстырып өтті.

Г.Ж.Сагатова: 2019 жылдың 4-25 қараша аралығында Батыс Қазақстан Жоғары медициналық колледжінде «Арнайы пәндер» әдістемелік циклдік комиссиясының «Жаңашылдыққа бағытталған кәсібилік пен шеберлік» атты айлығы бекітілген жоспарға байланысты ұйымдастырылып өткізілді. Колледжде орналасқан оқу дәріханасында «Дәрілік препараттардың қолданылуы, сақталуы және жағымсыз әсері» туралы «Мастер класс» көрсетілді. «СПИД не спит» атты шара 2 кезеңнен өтті:

- Күн тәртібі бойынша тақырыпқа байланысты сұрақтар талқыланды. 21 ғасырда СПИД мәселесі бойынша студенттер өз көзқарастарын, ойын ашық білдірді
- - Емделуі және алдын алу шаралары
- -Батыс Қазақстан облысы бойынша статистикалық көрсеткіштер көрсетілді.

Фармакогнозия пәнінен олимпиада «Фармация» бөлімінің 3 курс студенттері арасында олимпиада болып өтті.

- Олимпиада 3 кезеңнен тұрды.
- 1-кезең. Теориялық. Қатысушылар тест тапсырмасын орындады.
- 2-кезең- Тәжірибелік «Что? Где? Как?». Дәрілік өсімдіктерді анықтау.
- 3 кезең- Үй тапсырмасы. «Дәрілік өсімдіктердің аңыздары ».
- Жеңімпаздар дипломмен марапатталды.

«Лабораториялық диагностика» мамандығының II курс студенттерінде «Жан жылуы оларға бағышталсын» ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

“Бар мейіріміміз балаларға” музыкалық көрініс «Лабораториялық диагностика» мамандығының ІІ курс студенттері «Отбасы үлгісіндегі облыстық балалар ауылына» барды. Балаларға мерекелік концерттік бағдарламасын ұйымдастырып, тәрбиеленушілерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

«Қызықты паразитология әлемінде» атты интеллектуалдық сайыс Студенттер күніне орай «Лабораториялық диагностика» бөлімінің І,ІІ,ІІІ курс арасында 15 қараша күні колледжіміздің акт залында «Медициналық паразитология» пәнінен «Қызықты паразитология әлемінде» атты интеллектуалдық сайыс өткізілді.

«Өкпенің созылмалы обструктивті ауруларына қарсы препараттар», "Тәжірибедегі ұтымды антибиотикалық терапия", «Қызық ТІМЕС» атты интеллектуалды шоуы «Жаңашылдыққа бағытталған кәсібилік пен шеберлік» атты айлығы жоспар бойынша барлық іс-шаралар өткізіліп, өз мақсаттарына жетті. 26 қараша күні айлық жабылып, белсенді қатысушы ұстаздарды марапаттады.

#### **СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:**

А.Қ.Жапақова: ӘЦК айлығы керемет өткенін, жетекшісі жаңа болсада, айлық өткізу қиын болатынын, сонымен қатар білім алушылар белсенді қатысқандары туралы айтып кетті.

Ж.Т.Исимова: арнайы пәндер үлкен айлық өткізгенін, жан-жақты қамтылғанын, олимпиада мен ашық тәрбие сағатына қатысқанын айтты, жас мамандардың шараға белсенді қатысуларын айтып өтті.

#### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. №5 ӘЦК айлығы «жақсы» деп бағалансын.


#### **ТЫҢДАЛДЫ:**


2. Жастар ісі комитетінің жетекшісі – Н.Н.Өтеуов

Жастар жылы аясында колледжде «Ел болашағы – білімді жастардың қолында» атты «Brain ring» зияткерлік ойыны өтетінін, 2 кезеңнен тұратынын, 1-ші кезеңге топтың атынан 4 білім алушы қатысып, 2 кезеңге жолдама алатынын, одан ұтқан топ «Ең үздік топ» атағына ие болатынын хабарлады.

#### **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Топ кураторлары топты белсенді түрде қатыстырсын.

Төрағасы:  Б.Е.Габдешев

Хатшысы:  Л.М.Саханова